

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 3 маусымдағы N 455 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 4 тамыздағы N 1203 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 қыркүйектегі № 930 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.09.13 № 930 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қызметтік тұрғынжай берілетін қызметкерлер санатының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 3 маусымдағы N 455 P930455_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 21, 262-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қызметтік тұрғынжай берілетін қызметкерлер санатының тізбесінде:

2 б - т а р м а қ т а ғ ы :

бірінші абзацтағы "Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп министрлігінің, Энергетика және отын ресурстары министрлігінің, Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің бөлімдері" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің қызметтері" деген сөздермен ауыстырылсын.

екінші абзацтағы "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі